



МЕДИА ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА. ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕГЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Журналистикадағы мамандану



Кәсіптің қыр-сырын жаңадан үйреніп жүрген жас журналистер, әдетте, осы мамандық берер барлық мүмкіндіктен қашпайды, түрлі бағыт, түрлі медиа, түрлі жанрда бақтарын сынап көреді. Олар ағашқа өрмелеп шыққан мысықтан бастап жергілікті үкіметтің роботтың Марсқа қонуына рұқсат беруіне дейінгі барлық тақырыпты қозғай береді. Америкалық стандарт репортерлерді – жалпы және арнайы деп екіге бөліп қарастырады. Біреулері кез келген тақырыпта материал дайындай алатындай аса білімді, кең эрудицияға ие. Келесі топ өздері бүге-шігесіне дейін қанық нақты бір мәселе туралы қалам тербейді. Осылайша медиада белгілі бір уақыт жұмыс істегеннен кейін журналистің назарына іліккен тақырыптар іріктеліп, оның қай мәселеге қызығып, неге маманданғысы келетіні түсінікті болады. Сөйтіп нақты бір сала туралы қауза жазуға машықтана бастайды. Көптеген бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің тар бейінді, мамандандырылған журналистерінің білімін тиімді пайдаланып, олардан аудиторияның барынша қызығушылығын оятатындай беделді тұлға сарапшы бейнесін жасауға кіріседі. Медиада мұндай журналистерді әдетте жоғары бағалайды, өйткені олардың атағы жер жарады, әрі олардың біліктілігіне ешкім күмән келтірмейді. Мұндай журналистер кәдімгі репортерлерге қарағанда неғұрлым дербес, әрі күнделікті оқиғаларға баға беріп қана қоймай, күн тәртібіне ықпал ете алады. Олар әрқашанда сақ, өз саласындағы тың жаңалықтарды назарларында ұстайды немесе өздерінің жеке ақпарат көздерінен кейбір оқиға туралы алдын ала біліп отырады.

Бүгінгі дәрісте журналистикадағы мамандану тақырыбын қозғап, журналистік сарапшылықтың маңыздылығын тілге тиек етеміз. Мұны, әсіресе енді кәсіпті үйреніп жүрген журналистерге білген өте пайдалы болмақ. Редакцияға енді қосылған репортер түрлі тақырыпта материал дайындай бастайды. Ауа райы туралы хабарлама мен жұлдыз жорамал айдарынан бастап, ауылшаруашылық көрмесі, төтенше жағдай мен жергілікті саяси ахуал туралы тақырыптарды көтереді.

«Медиа және Журналистика» оқу құралы авторларының пайымдауынша, мұндай әдіс кәсіби машықтарды дамытуға септігін тигізіп, тәжірибе жинақтап, білімін кеңейтуге мүмкіндік береді. Өйткені журналист бұрын-соңды біле бермеген мәселе бойынша орынды сұрақ қойып, ол туралы жазуды үйренуі керек. Жас жауынгерді осылай шыңдау – барлық репортер үшін таптырмас құрал болып келетін қабілеттер: тапқырлық, зеректік пен өз-өзіне деген сенімділікті нығайтудың алғышарты болмақ. Алайда ұзақ мерзімді мансапты да ойлау керек, кәсіби тәжірибеңіз өсіп, дамыған сайын, өзіңіз майын шағатын бір тақырыпты тауып, соған бейімделе бастайсыз. Журналистік сараптама бәрінен де тар мағынада жақсы дамиды. АҚШ-та бұл «beat» ұғымы ретінде әйгілі. Бұл термин белгілі бір журналист жүргізетін тақырып, айдар деген сөз. Алайда оның екінші мағынасы да бар – бағыт. Термин «тағайындалған уақытылы бағыт» немесе «үйреншікті жол» мағынасында қолданылады. Мысалы, полицияның өз аумағын шолып шығуы секілді. Сол сияқты, «beat-репортер» – бұл бір ғана тақырыпта жұмыс істейтін журналист, тек саясат, тек экономика. Тіпті осы тақырыптың ішінде нақты бір бейінге шоғырлануы мүмкін – тек Ақ үйден репортаж, немесе тек қана биржалық ақпарат. «Beat-репортер» нақты бір тақырыпта ақпарат жинау кезінде бір ғана бағыт немесе үйреншікті жолмен жүреді. Мұндай журналистер ақпарат көздерімен байланысты жолға қойған, сенімді қарым-қатынас орнатқан.

Негізінен жалпыға ортақ тақырыпта жазатын журналистер көп те, мамандандырылған журналистер аз. Әрі журналистің неғұрлым әмбебап болғаны редакцияға ыңғайлы. Бірақ бесаспап деген журналистің өзі міндетті түрде бір салаға мамандануы керек. Бұл ең алдымен тақырыптық бағытқа қатысты. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдарының түрі көйбейген сайын, тар бейінді журналистика қайтадан өзекті болуда. Нақты бір салада тереңдетілген ақпарат бере алатын мамандарға сұраныс артып жатыр. Журналистикадағы ең кең тараған тар бейінді бағыттар:

- спорт;
- бизнес;
- экономика;
- қоршаған орта;
- fashion;
- денсаулық;



- заңгерлік бағыт;
- өмір салты/lifestyle журналистика;
- ғылым мен технология.

Дегенмен бұл бір тақырыпқа мамандану – колумнист атанумен бірдей деген сөз емес. Колумнист – бұл «тұрақты журналист», не «газетте уақытылы қызмет істейтін журналист», радио не телеарнада материал стилі бойынша газет бағанына ұқсас бағдарлама жүргізетін журналист. Бұл сөз – «баған түрінде безендірілген мәтін» мағынасын беретін «column» сөзі мен кәсіптік қызметке сипат беретін – ist жұрнағынан тұрады. Баған – журналистиканың авторлық жанры. Қандай да бір басылымда нақты бір уақытта үнемі жарияланып тұрады. Газет беті немесе сайтта өзінің орны бар. Бағанды тек кәсіби журналистер ғана емес, өндірістен тыс адамдар – ғалым, саясаткер немесе әйгілі сарапшылар да жүргізе алады. Басты мақсат – қандай да бір тақырыпты егжей-тегжейлі біліп, дұрыстап түсініп, халыққа тарқатып жеткізе алса болғаны. Компьютерлік технологиялар мен интернеттің дамуын ескерсек, бүгінде кез келген адам колумнист атана алады. Алайда колумнистика – тақырып бойынша өз пікірін айту, автордың ойы не болмаса филолог, әрі әдеби сыншы Владимир Новиков «Сәнді сөздер сөздігі» туындысында айтқандай, бұл – субъективті эссе. Ал репортерлер негізінен ақпаратты өзінің жеке пікірінсіз жеткізуі керек.

Мамандандырылған журналистердің қалай жұмыс істейтіні жөнінде толығырақ білу үшін өзіңіз талдау жүргізсеңіз болады. Медианы таңдап, нақты бір тақырыпта жазатын журналисті белгілеңіз де, қандай да бір уақыт аралығында (мысалы, апта, ай) оның жұмысын бақылауға алыңыз. Қалай жазатынына, оқиғаны қалай жеткізетініне баса назар аударыңыз. Білім тереңдігіне баға беріңіз. Бәлкім, оның жұмыс істеу принципі сол материалдарынан мәлім болып қалар. Тар бейінді журналист болу – сол тақырыпта сарапшы болу немесе осы тақырыпқа жай ғана қызығушылық таныту деген сөз емес. Өйткені нақты бір тақырыпта материал жазу туралы оған редактор тапсырма беруі де мүмкін ғой. «Нью-Йорк Таймс» газетінің «Ғылым» бөлімінің бұрынғы редакторы Кори Дин әу баста-ақ Вашингтонда саяси автор болған. Алайда бір күні газеттің басқарушы редакторы оның кафеде «Scientific American» ғылыми-танымал журналын (орыс тілді нұсқасы «В мире науки») оқып отырғанын көріп қалған. Сөйтіп Кори Дин аяқастынан әлемдік белді газеттің өте құрметті, 24-беттік, апта сайынғы ғылыми қосымшасын жүргізушісі болып шыға келді. Әрине, оған тез уақытта бәрін меңгеруге туралы келді. Алайда жаңа бағытқа жылдам бейімделу – барлық журналистің пешенесіне жазылған десек болады. Кори Дин туралы айтсақ, журналист ғылыми тақырыпқа қызығушылық танытып келген. Дин секілді жолыңыз болмай, бағытты сізге редактор таңдап берсе, тақырыпты етене меңгеріп, осыған дейін естіп білмеген қаншама тың ақпаратпен танысудан ләззат алуға тырысыңыз. Ең дұрысы, таңдап алған тақырыпты зерттеу үшін, нақты айтқанда шолуға тиіс аумақпен танысу үшін көп тер тегуге тура келмек. Мысалы, сот журналисі болу үшін көптеген заңды үйрену керек. Оның ішіндегі ең негізгісі – «БАҚ туралы» заң мен «Ақпараттандыру туралы» заң. Бұдан өзге сот талқылауларына қатысты барлық ақпаратты оқып біліп үйрену керек.

Тар бейінді журналист үшін ең маңызды құрал – телефон. Өз салаңызда байланыстар желісін құрап, оны жиі қолданғаныңыз абзал, кейде оқиғаның басы-қасынан хабардар болу үшін күн сайын жүгінетін боласыз. Тіс қаққан журналистердің айтуынша, жақсы байланыстарыңыз болса, ерекше оқиғаларды туғыза аласыз. Ақпарат көздеріне деген сенімділік пен олармен еркін тілдесу мүмкіндігінің сәтті жұмыс істеуде маңызы зор.

Журналистикада жиі кездесетін бірнеше тар бейінді бағытты қарастырайық. Әлемдегі ең кең таралған мамандану – бұл қылмыстық журналистика. Қылмыс – медианың негізі қаланған уақыттан бері БАҚ үшін күнделікті өнімі. Бұл тақырып шапшаң қимыл, жүйрік ой мен мезеттік реакцияны талап етеді. Қылмыстық журналистер кісі өлтіру, тонау, өрт, жол-көлік оқиғалары мен табиғи апаттар секілді қоғамдағы ең қайғылы оқиғаларды жеткізушілер. Бұл аудитория тұтынуға даяр тұратын әйгілі тақырыптар. Батыс бұқаралық ақпарат құралдарында төтенше жағдайлар қызметінің радио байланысын бақылау арқасында (бұл барлық жерде заңды болмағанымен, көптеген жаңалықтар қызметі үшін қалыптасқан тәжірибе), қылмыстық журналист соңғы қылмыстар мен төтенше жағдай туралы шұғыл әрекет ету тобының қызметкерлерімен бір уақытта хабардар болып отырады. Әлбетте, ақпарат тиісті деңгейдегі



жауапкершілікпен қолданылатынына кепілдік беру үшін этикалық норманы қатаң сақтау қажет екенін айтудың өзі артық шығар.

Сонымен қатар, кәсіби қашықтықты естен шығармаған жөн. «Медиа және журналистика» басылымының авторлары кейбір жағдайда журналистер полициядағы ақпарат көздерімен тым жақын байланыс орнатып, болашақта сол тәртіп сақшыларын сыбайлас жемқорлыққа бой ұрды деп айыптауы мүмкін деп жазады. Бұдан өзге журналистиканың бұл бағытында басқа да қиыншылықтар кездеседі. Мысалы, оқиға куәгерлерінен сұхбат алу. Этикалық норманы қадағалау міндетті шарттардың бірі. Ұшақ апаты немесе су тасқынына куә болған сенсациялық ақпарат үшін адамдардың қыр соңынан қалмау дұрыс емес. Әсіресе балалармен абай болған жөн. Қанша айтқанмен, өз ар-ұятыңның шеңберінде, әдеп нормаларын таптамайтындай жағдайда ғана әрекет еткен дұрыс.

Тар бейінді журналистикада ақпарат легін басқаруда қоғаммен байланысқа қатысты өршіп келе жатқан бір тауқымет бар. Бұл барлық тақырыптық бағытта бар проблема, алайда ол әсіресе қылмыстық оқиғаларды қарастырған кезде байқалады. Өйткені маман-репортерге шұғыл және ең бірінші мағынадағы ақпарат қажет. Көптеген жағдайда тәртіп сақтау органдарының қоғаммен байланыс қызметкерлері басшылықтың бұйрығымен ақпарат жинау жұмысын кідіртеп, бөгет қоюы мүмкін. Дегенмен журналистер полициялық ресми мәліметке жүгінуге міндетті емес, қолда бар ақпаратты этикалық нормадан шықпай пайдаланып, оқиға туралы ашып жазуына болады. Полицияның баспасөз қызметі сізге көмектесіп жатса тіпті жақсы, көмектеспесе өз жолыңызбен жүруіңіз керек. Өйткені журналистің міндеті – қоғам мүддесін қорғау. Маманданудың ең маңызды ерекшелігі сол – өз тақырыбыңызға тереңдей түсумен қатар, ақпарат көздеріне кәсіби бейтараптық, яғни риясыздық таныта білу. Бұл жерде репортердің рөлі өте маңызды, себебі ол сахнаның бір бөлігіне айналады. Бір жағынан бұл құрылған тұзаққа да ұқсайды: ақпарат көзі мен журналист арасында тығыз байланыстың орнағаны соншалық, кей жағдайда журналистер байланыс иелеріне уәде беріктігін танытамыз деп, маңызды хабарламаның егжей-тегжейін бұғып қалуы мүмкін. Кейбір салада мәдениет текетіресі толыққанды келіссөзді талап етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары қатаң, жоғары талапты мәдениетке ие, сондықтан кейде басқа кәсіби салалармен қайшы келіп жатады.

Бұл проблеманың ең айшықты мысалы ретінде ғылыми тақырыпты айтуға болады. Кейде ғалым мен журналистер арасындағы қайшылық соғыс ретінде сипатталады. Ашық қақтығыс көрсетілмегенімен, шиеленіскен ахуал кең көрініс табады. Бұл қақтығыс тек айырмашылықтан туындайды: ғылым мен БАҚ ортақ қызығушылық танытқанымен, өз жұмыстарында күрделі айырмашылыққа ие болуы мүмкін. Журналистика әдетте ғылымға қарағанда сенсациялық және атышулы теорияға бойұсынса, ғылым нақты дерек пен эмпирикалық бағаға баса назар аударады. Қос тараптан да түсінбеушілік байқалады. Көп жағдайда ғалымдар журналистиканың қалай жұмыс істейтінін; журналистиканың күрделі тұжырымдаманы жалпы халыққа түсінікті ететіндей жеткізуі керек екенін білмейді. Мұндай көзқарастар журналистер мен ғалымдар арасын шиеленістіріп, әріптестікке кедергі туғызады. Келіссөздер барысы, әдетте, бұл ортақ «негізделмеген талаптарды» айналып өтеді. Ғылыми бағытқа келетін болсақ, бұл пікірді ақтап алуға болады, өйткені дерек дұрыс болуы керек, алайда көп жағдайда оған репортердің тәжірибесі жеткіліксіз болып қалады. Қалай болғанда да, зерттеушілер ғалымдар да, журналистер де арадағы қайшылықты мойындап, оны жоюға құштарлық танытады деген пікірге саяды. Мысалы, ғалымдар Харц пен Чапелланың зерттеулері ғылыми журналистика жеткіліксіз болса, АҚШ өзінің ғылымы мен технологиясын жоғалтып алады деп түсіндірілді. Ғалымдар мен журналистер арасындағы шиеленістің қайнар көзі – мерзімді әртүрлі түсінуінде. Журналистер, әдетте, өз өнімін ғалымдарға қарағанда бірінші болып жариялауы маңызды.

Жалпы ғылыми журналистика – ғылыми зерттеуді ғылым тілінен мағынасын бұлтартпай қарапайым тілге «аудару» ретінде қарастырылады. Медициналық және экологиялық журналистика да ғылыми журналистикаға жатқызылады. Ал ғылыми журналистің міндеті – ғалымдар жинаған терминге толы, спецификалық, егжей-тегжейлі ақпаратты БАҚ-ның орташа тұтынушысы түсініп, баға беретіндей пішінге әкелу. Көп жағдайда ғылыми журналистер нақты ғылыми пән бойынша тереңдетілген білімге ие. Соңғы жылдары ғылыми жаңалықтар көлемі ғылыммен бірге тез өсіп, қоғам өмірінде негізгі рөлге ие бола бастады. Сөйтіп ғылыми орта мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы қарым-қатынас күшейе түсті.



Дәстүрлі күнделікті БАҚ – маманданудың жалғыз жолы емес. Мамандандырылған журналистер үшін салалық бұқаралық ақпарат құралдарына қызметке тұрудың көптеген мүмкіндігі бар. Олардың кейбірі БАҚ-қа қарағанда кең көлемді, яғни бизнес пен сауда, туризм өндірісі, ғылым мен техника тақырыбы және сән индустриясына арналған медиаөнімдер. Бұл мамандандырылған БАҚ жұмысқа енді кіріскен журналистер үшін тамаша бастама бола алады. Салалық медиаға қызметке тұрған журналистің жұмысы тар бейінді журналистің жұмысына өте ұқсайды, әрі дәл сондай көңіл көншітерлік болуы мүмкін. Мұндай БАҚ-да редакция шағын болады. Жұмысыңызды дөңгелетіп жүргізіп, осы саладағы біліктілігіңізді нық сеніммен көрсете алсаңыз, тез арада мансап баспалдағымен көтерілу мүмкіндігі жоғары. Әрине, салалық журналистің жұмысы оңай емес. Оған бейресми байланысты қолданып, басқа бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәліметті талдауға тура келеді. Қарапайым әңгіме-дүкен құрып отырып-ақ ерекше қызық, маңызды ақпарат шығарып алады. Салалық БАҚ журналистерінің алдынан шығатын ең үлкен этикалық дилемманың бірі – бұл толықтай жарнама берушілердің ықпалына ену. Өйткені олар осындай медиада туындайтын контентке барынша ықпал етуге талпынады. Қайткен күнде де, қаншалықты мамандандырылған болғанына қарамастан, барлық ақпарат әділ журналистиканың жоғары талабына сай болуы тиіс. Алайда бүгінде қуыс-қуысты толтырып жатқан жүздеген жаңа цифрлық медиа пайда болуда. Салалық медиа онлайнда қарқынды дамып жатыр. Ал сәтті цифрлық медиаға контенттің тар бейінде болуы тән, сондықтан мұндай журналистерге деген сұраныс тек өсіп келеді. Журналистика – бірқатар тақырыпты қозғауға тиіс көп қырлы кәсіп. Репортер жаңалықтардағы күн тәртібіндегі барлық тақырыптан толық хабардар бола алмаса да, өз саласында орын таба алады. Мұндай жағдайда жеке білім қорын дамытуға тек қолдау көрсетіледі. Арнайы бір тақырыпта мамандану – ақпараттық сатыда жоғары өрмелеудің тамаша мүмкіндігі.

Қоғамдағы үрдістердің күрделілігі мен бір адамның түрлі саладағы барлық мәселе бойынша бірдей, білікті пікір білдіруі мүмкін еместігіне қарамастан, журналистің түрлі тақырыпта, түрлі жанрда әңгіме өрбіте алуы – кәсіби шеберліктің дәлелі болып қала бермек. Бірақ ірі баспа басылымдардың қызметкерлері біртіндеп өзінің тақырыптық бағытын, кейде тіпті жанрын тауып, тар бейінді мамандануға кетіп жатыр. Мамандану – өмірдің бір немесе қосалқы бірнеше саласын тереңдетіп зерттеп, арнайы білімді игеруге мүмкіндік береді.

Журналистің біліктілігі деп таңдап алған тақырыпқа қатысты бірқатар мәселеден хабардар болуы мен тілге тиек етілген мәселенің түрлі қырымен танысуын айтамыз. Бұл нақты бір оқиғаға қатысты пікір қалыптастырып, белгілі бір қорытындыға келіп, өзекті мәселені зерттеп, оны шешудің жолдары мен тәсілін ұсынуға мүмкіндік беретін автордың ортақ және арнайы білім қоры. Тек журналистің жеткілікті біліктілігі ғана дәлелді және сенімді туындыға қол жеткізіп, аудиторияға барынша әсер етуін қамтамасыз ете алады.